

## Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы аумағында жергілікті масштабтағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жариялау туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің 2024 жылғы 5 сәуірдегі № 7 шешімі. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің 2025 жылғы 22 қаңтардағы № 01 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің 22.01.2025 № 01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілік ті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабы және 50-бабының 2 тармағы 2) тармақшасына, "Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушысының 2013 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығыменсәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиясының кезектен тыс отырысының 2024 жылғы 04 сәуірдегі № 3 хаттамасы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімі

**ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы аумағында жергілікті масштабтағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға басшысы болып Тайынша ауданы әкімінің орынбасары Дюсембин Еркебұлан Ерболұлы тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 01 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Б. Әлжанов*